№ 52
(9751)
28 желтоқсан
Сәрсенбі
2022 жыл

# Темір

*Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі.* А.БАЙТҰРСЫНОВ.

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
temir.gazet
temir.gazet72@mail.ru

## *Темір ауданының әкімі Аманбаев Саламат Ермұханұлының Жаңа жыл мерекесіне орай аудан тұрғындарына арнаған құттықтауы*

**Құрметті Темірліктер!**

**Сіздерді келе жатырған Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!**

**Жаңа жыл елімізге елеулі жетістіктерімен, жақсы оқиғаларымен есімізде қалатындай, игі істер мен жаңа бастамаларға, толағай табыстарға толы жыл болсын!**

**Өтіп бара жатқан жыл табысты жыл болды. Ауданымыздың қайта құрылғанына 50 жыл толуын кең көлемде атап өттік. Тұрғындардың игілігі жолында бірқатар шаралар, игі істер атқарылды.**

**Келер 2023 жылы да алға қойып отырған нақты жоспарлар бар. Алдағы жылы ауданымыздағы атқарылар жұмыстар өз шешімін тауып, әр отбасының дәулетінің артатынына сенімім мол.**

**Қымбатты жерлестер!**

**Келе жатқан қоян жылы да байтақ даламызға құт-береке, ырыс-несібесін әкеліп, ойға алған мақсаттарымыз орындалып, еліміздің абыройы асқақтайтын табысты жыл болсын!**

**Жаңа жылда Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, береке, бірлік тілеймін!**

**Жаңа жыл игі істер мен қуанышты оқиғаларға толы болып, әрбір шаңыраққа бақыт әкелсін!**

**Жаңа жыл құтты болсын!**

**Ризашылық көңілден,**
**Темір ауданының әкімі С. АМАНБАЕВ.**



## КЕЗДЕСУ ӨТТІ

**АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҮЛКЕН МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ТЕМІР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ АУДАН АКТИВІМЕН КЕЗДЕСУІ ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Н. КӨШЕКБАЕВА, БӨЛІМ ЖӘНЕ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.**



Отырысты аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Е. Төлеуов ашып, күн тәртібіне қойылған және маңызды деген бірқатар мәселе жайында сөз қозғап, қазан айынан бастап, кең ауқымды 17 мәселе талқыланғанын және соның 3-еуі бүгінде қаралу үстінде екендігін, қалғаны шешілгендігін мәлімдеді. Сондай-ақ жиында қоғамдық кеңес мүшесі Л. Жұрмағанбетова, аудандағы әлеуметтік нысандарға жүргізілген мониторинг бойынша жұмыстардың барысымен таныстыра келе, «Задепо» аймағында орналасқан мектеп ғимаратының қазіргі жай-күйін баяндады және орталық емхананың балалар бөлімінің науқастарымен кездескенін, ем алушылар тарапынан жолданған ұсыныстарды қарастыруды сұрады. Л. Жұрмағанбетова, баяндамасының соңында Н. Байғанин атындағы аудандық мәдениет үйінің кіреберіс фойесіне заман талабына сай жаңарту жұмыстарын жүргізу керектігін де ұсынды.

Сонымен бірге, қоғамдық кеңес мүшесі Е. Мәуениязов, жүргізілген мониторинг көрсеткіштерінің нәтижесінде Алтықарасу мен Жақсымай, Кеңестуы мен Қайыңды ауылдық округтерінде және Темір қаласында көгалдандыру және тазалық шаралары қарқын алғанымен, аталған салада орын алып жатқан кейбір олқылықтарға тоқталды. Ол мониторингтің қорытындысында күтімінің нашарлауынан қураған талдардың көптігі анықталғанын, жеке нысандардың қасбетін ретке келтіру бағытында кәсіпкерлерге талапты күшейту керектігін айтты.

Жиын соңында аудан әкімі С. Аманбаев кездесуде тілге тиек етілген бар¬лық пі¬кірлер мен ұсы¬ныстарды орындау үшін мекеме және бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

**ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖӘНЕ ЖАСТАР



**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ АУДАНДА 7 ТҰРҒЫН «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСЫП, ЖЫЛЫЖАЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСУҒА НИЕТ БІЛДІРІП ОТЫР. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ, ОБЛЫСТЫҚ «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ШАҒЫН ГРАНТ ИЕГЕРІ Н.ҚАЛДЫБАЙДЫ АУДАНҒА АРНАЙЫ ШАҚЫРЫП, «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУҒА ЫНТАЛЫ КІСІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІРДІ.**

Кездесу барысында С. Аманбаев, «Ауыл аманаты» жобасының артықшылықтарына тоқталып, жобаның жастар үшін таптырмас мүмкіндік екенін атап өтті. Өз кезегінде Н.Қалдыбай, жылыжай шаруашылығымен шұғылдануға ниеттенген үміткерлерге, облыс орталығындағы жылыжайдың қыр-сырлары мен ондағы жұмыстарды тиімді жүргізу бойынша өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, кеңестер берді.

Кездесу соңында аудан әкімі аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Е. Жолдығаринге және Жастар Ресурстық орталығының басшысы А. Сәлімгерейге жобаға қатысушыларға тиісті консультативтік-кеңестік қызмет көрсетуді тапсырды.

**ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

Марапат

**КЕҢКИЯҚ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ҚҰБАШЕВА АРДАҚ МҰҒАЛҚЫЗЫ, АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНЫП, ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.**

## ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ



Сондай-ақ, Ардақ Мұғалқызы байқаудың қорытындысына арналған конференцияда сөз сөйлеп, ауыл мәдениетін дамыту бағытындағы игі істерін айтып, ұсыныстарын жеткізді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕГЕ ҚАТЫСТЫ

**ЖУЫҚТА ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ БАКУ ҚАЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЛӨНЕР КӨРМЕСІ БОЛЫП ӨТТІ. ОҒАН БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, Ы. АЛТЫНСАРИН ТӨСБЕЛГІСІНІҢ ИЕГЕРІ, № 1-ШІ ШҰБАРҚҰДЫҚ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ Н. С. ЖАҚЫБАЕВ ҚАТЫСТЫ.**

Әлемнің көптеген елдерінен келіп, өз халықтарының қолөнерін насихаттаған шеберлермен бірге, біздің жерлесіміз де қазақтың тері бұйымдарынан жасалған «Халық қолөнері ұлттық бренд» атты тақырыптағы ғылыми жұмысын көрмеге қойды. Көрмені тамашалаушылар, еліміздегі технология саласына үлес қосып келе жатқан жерлесіміздің еңбегіне зор қызығушылық танытты.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

## КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

**26 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ С.АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТІП, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ Ж.ҚОЙШЫБАЕВ ПЕН Н. КӨШЕКБАЕВА, АППАРАТ БАСШЫСЫ А.СИСЕНОВ, ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Ж. ЖАСАҚБАЕВА, АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ С.НҰҒМАНОВА, КЕНТ ӘКІМІ Қ. НҰРАЛЫ ҚАТЫСҚАН ЖИЫННЫҢ КҮН ТӘРТІБІНДЕ ЕКІ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ. ЖИЫНДА КӘРІЗДІК ТАЗАРТУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ БОЙЫНША АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ М. БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ БАЯНДАМАСЫ МЕН АУДАННЫҢ ТАЗАЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ СОҢҒЫ ЕКІ АПТАДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ ТЫҢДАЛДЫ.**

М. Балмағамбетовтің баяндамасында Шұбарқұдық кентінде кәріздік тазарту қондырғысының құрылыстарын салу жобаларын жасақтау туралы айтылды. Баяндама тыңдалған соң аудан әкімі биологиялық тазарту құрылыстарын реконструкциялау жобасын пысықтап, жұмыстарды жандандыруды міндеттеді.

Ал, ауданның тазалығына қатысты соңғы екі аптадағы жұмыс нәтижесін қорытындылаған аудан әкімі, санитарлық тазалық шарасы жыл бойы үздіксіз жүруі тиіс екендігін еске салып, бұл бағытта жүйелі жұмыс ұйымдастырып, сенбілік шараларын жандандыруды, мәселеге сергек қарап, тазалық – табалдырықтан басталатынын ескеруді, тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру үшін күнделікті белгіленген аймақты аралап, үнемі ескерту жасап отыруды, тазалықты сақтауға шақыратын мақалаларды әлеуметтік желі арқылы жариялауды және түсіндіру шараларын жүргізуді тапсырды.

**ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

*Оймақтай ой*

*Ақыл аздырмайтын ем,*
*Білім тоздырмайтын кен.*

**Саққұлақ би.**

Есептік кездесу

# КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ 3 НАУРЫЗЫНДАҒЫ № 826-ШЫ БҰЙРЫҒЫНА СӘЙКЕС, АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ, ТОҚСАН САЙЫН, АЛДЫН АЛА ТҮЗІЛГЕН КЕСТЕГЕ САЙ, ӘРБІР ОКРУГ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ IҮ-ТОҚСАНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕҢ СОҢҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРІН 21-ШІ, 22-ШІ ЖӘНЕ 23-ШІ ЖЕЛТОҚСАН КҮНДЕРІ САРКӨЛ, ҚОПА, ҚҰМСАЙ АУЫЛДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ШҰБАРҚҰДЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ «ҚАЗАҚАУЫЛ», «ЗАДЕПО», «ТЕРІСКЕЙ», «АҚҚҰДЫҚ», «ВОКЗАЛ АЛАҢЫ» АУМАҒЫНДА АЯҚТАДЫ. КЕЗДЕСУГЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Б. ШАИМОВ, АУДАН ПРОКУРОРЫ Қ. УРАЗАЛИН, АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Б. БАҚТЫҒАЛИЕВ, ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ Ж. ИМАШЕВ ПЕН А. ТҰРАТАЕВ, МЕКЕМЕ, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.**



Саркөлдегі кездесуде округ әкімі М. Шүйіншалиннің 2022 жылдың 11 айы бойынша округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспары туралы есебі және жергілікті тұрғындардың көтерген абаттандыру, ауылішілік көшелерді жарықтандыру, балаларға арналған ойын алаңын салу мәселелері тыңдалды. Сондай-ақ кездесуде аудан әкімі халықтың табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы Темір ауданының Ақсай мен Саркөл ауылдық округтерінде жүзеге асырылғанын айта келе, жиында қозғалған ұсыныстарды орындау үшін тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар беріп, тұрғындармен бірлесе шешудің жолдарын қарастыруды тапсырды.

Кездесу соңында аудан әкімі Темір ауданының қайта құрылғанына 50 жыл толуына орай ауданның дамуына сүбелі үлес қосқан Б.Әбеновті, К. Шалмановты және С. Назаровты мерекелік төсбелгімен марапаттады.



Осы күні аудан әкімі С. Аманбаев, бекітілген кестеге сәйкес мектеп ғимаратында Саркөл ауылдық округіне қарасты Қопа ауылының тұрғындарымен де кездесті. Мұнда да округ әкімі М. Шүйіншалиннің баяндамасы тыңдалған соң, С.Аманбаев, аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды айта отырып, алдағы уақыт еншісінде жасалуы тиіс ауылды ауыз сумен қамту мақсатында кешенді блок-модуль орнату, балаларға арналған саябақтың жобалық-сметалық құжаттамасын дайындау және жергілікті өткелді қалпына келтіру бойынша мұнай компанияларымен бірлесе жұмыс жүргізу керектігін айтты. Аудан басшысы жиын соңында аталған мәселелер мен т. б. жұмыстар бойынша округ әкімі М.Шүйіншалинге іс-шаралар жоспарын бекітуді тапсырды және тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап қайтарды.



Ал, Құмсай ауылының тұрғындарымен кездесуде аудан әкімі С. Аманбаев жиналғандарды, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, ағымдағы жылы атқарылған істер мен орын алған кемшіліктерді саралап, алдағы жоспар мен міндеттерді таныстырды. Бұл ретте аудан басшысы, «Энергосистема» ЖШС-нің Ақтөбе облысы Темір учаскесі тұрғындармен келісе отырып, Құмсай ауылындағы электр энергиясы желілерінде орын алған ақауларды қалпына келтіру бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілетінін және газ тарату желісінің құрылысына қажетті ЖСҚ дайын екендігін мәлім етті. Жиын соңында тұрғындар ағымдағы жылы атқарған жұмысқа оң бағасын беріп, алдағы істерге сәттілік тілеп тарқасты.

Аудан әкімінің жоғарыда айтылған кездесулері 21 желтоқсан күні өткен болатын. Ал 22 желтоқсан күні С.Аманбаев осындай шараны Шұбарқұдық ауылдық округінде жалғастырды. Сондай кездесудің бірі Қазақауыл аумағында ұйымдастырылып, кездесу барысында аудан әкімі атқарылған шараларға тоқтала келе, Қазақауыл аумағын абаттандыру бағытындағы жоспарлармен бөлісті. Өз кезегінде тұрғындар сауал, өтініштерін айтып, аудан әкімі сәйкесінше жауаптарын берді және көтерілген мәселелер бойынша тиісті басшыларға тапсырмалар берді.



Сондай-ақ С. Аманбаев осы күні бекітілген кестеге сәйкес, Задепо аумағындағы тұрғындармен де кездесті. Кездесу кезінде аудан басшысы Задепо аумағындағы № 6-шы бастауыш мектебінің жиһаздарын ауыстыру, қар суынан болатын су тасқынының алдын алу сияқты т. б. мәселелерді тілге тиек етіп, жыл бойынша атқарылған шаралар мен 2023 жылы алға қойылған мақсат-міндеттер жөнінде айтып өтті. Кездесу соңында аудан әкімі Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімі Қ. Нұралыға тұрғындар көтерген мәселелердің шешімін табу мақсатында тапсырма берді және тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. С.Аманбаев, Шұбарқұдық округіндегі осы екі аумақ бойынша берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктеді.



Аудан басшысы 23 желтоқсан күні Шұбарқұдық ауылдық округіндегі тұрғындармен кедесуін одан әрі жалғастырды. Мұнда Терiскей аймағының тұрғындарымен кездесуге жиналғандар Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімі Қ. Нұралының 2022 жылдың 11 айы бойынша округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспары туралы есебін тыңдады. Кейін тұрғындар спорт алаңын салу, жаз мезгілінде ауыз сумен қамтамасыз ету, көше жарығы мен ит мәселесіне байланысты ұсыныстарын жеткізді. Тұрғындарды мұқият тыңдаған аудан әкімі тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар беріп, өзекті мәселелерді тұрғындармен бірлесе шешудің жолдарын қарастырды.



Осы күні аудан әкімі С. Аманбаев, Шұбарқұдық балалар музыка мектебінің ғимаратында Аққұдық аймағының тұрғындарымен жолықты. Мұнда да округ әкімі Қ. Нұралы, аудан орталығында ағымдағы жылы жасалған жұмыстарды қорытындылаған баяндама жасады. Ал, тұрғындар тарапынан Құрылысшылар көшесіне жарық орнату, Темір аудандық «Аманат» партиясы филиалы ғимаратының жанындағы жолды ретке келтіру, коммуникациялар (газ, су) желілерін жүргізу үшін асфальтті қазуға рұқсат бермеу, қаңғыбас иттер мәселесі сөз етілді. Жиын соңында аудан басшысы әр сұраққа жауап беріп, ең алдымен тұрғындардың ұсыныстарын шешу бағытында жұмыс жасалатындығын жеткізді.



Вокзал алаңы тұрғындарымен болған жиында, С.Аманбаев аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы, ал Қ. Нұралы кент аумағында жүзеге асқан негізгі істер жөнінде баяндады. Вокзал алаңы тұрғындары тарапынан ұсыныс-пікірлері өте көп екен. Атап айтсақ, тұрғындар № 50-ші, № 51-ші тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу, «Қазақауыл» м/а Жамбыл көшесіндегі газ желілерінің қысымын арттыру, орталық саябақтағы түнгі жарық шамдарын уақытылы қосу және ақауды жедел арада жою «Қазақауыл» м/а «Қарлығаш» балабақшасының қоршауын ауыстыру, Шұбарқұдық вокзалының материалдық-техникалық базасын нығайту және вокзал алаңын абаттандыру, иесіз иттерді аулау мәселелерін тілге тиек етті. Жиында айтылған ұсыныс-пікірлер хаттамаға енгізіліп, аудан әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Осымен аудан әкімінің 2022 жылғы тұрғындармен есептік кездесуі аяқталды. Енді аудан басшысының тұрғындармен кездесуі, әдеттегідей әрбір тоқсан сайын кестеген сәйкес, 2003 жылы жалғасын табатын болады.

**ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

# АРДАГЕРЛЕР ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙДЫ

**ШҰБАРҚҰДЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ ЕЛ, ОБЛЫС, АУДАН ӨҢІРІНДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙ, ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ЖАСАП, ЕРЕЖЕГЕ САЙ ОНЫ ХАЛЫҚҚА ТАНЫСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫНА БЕЛСЕНЕ АРАЛАСЫП КЕЛЕДІ.**

Бүгінде Шұбарқұдық ауылдық округі ардагерлер ұйымы 2022 жылдың басында қабылданған іс-шаралар жоспарының барлығын орындап шықты. Бұған қоса ардагерлеріміз, қаңтар оқиғасы кезінде Шұбарқұдықта көшеге шыққан тұрғындарға, жергілікті әкімшілікпен бірге, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың жыл бойғы халыққа Жолдауларына қолдау көрсетуде де ардагерлеріміз белсенділік танытты. Аудан әкімі мен кент әкімінің әрбір тоқсан сайынғы есеп беру кездесулеріне қатысып, өз ұсыныстарын жеткізіп отырды. Ауданда өткізіліп жатқан шаралардан, атап айтқанда мерекелерді атап өтуден, ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылармен кездесуден, референдумнан, ауданның қайта құрылғанына 50 жылдық мерейтойын өткізуден, қамқорлық акцияларынан т. б. жұмыстардан ешқашан шет қалған емес. Ардагерлеріміз мектеп оқушыларымен және жастармен Отан алдындағы борышын өтеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, медиация, діни бағыттағы шараларға да белсене араласуда. Мәселен, аудан имамымен келісе отырып, аудан орталығындағы мешітке қазақтың салт-дәстүріне байланысты ақпараттық тақта орнатылды. Еңбек ардагері Н.Ильясов пен Ә. Даулетбаевтың баспадан шыққан кітаптарының тұсаукесеріне жастармен бірге қатысып, шараның мазмұнды өтуіне өз үлестерін қосты. Ауданда өткізілген «Қымызмұрындық» фестивалі мен ауданның қайта құрылғанына 50 жыл толу мерейтойы құрметіне ұйымдастырылған «Тарихы терең – Темірім» конференциясына, осы шаралардың аясында өткізілген ірілі-ұсақты барлық жұмыстарға атсалысты. «Сәт сапар» концертіне қатысып, бата берген де біздің ардагерлер. Ардагерлеріміз жыл бойы «Темір ауданының қайта құрылғанына 50 жыл!» айдарымен аудандық «Темір» газетіне, облыстық «Ақтөбе» мен «Ардагерлер айнасы» газеттеріне 13 мақала жариялады. Сондай-ақ, «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай – тірлік болмас», «Өз елім – өлең төсегім» тақырыбында «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінің ұжымымен аудандық әкімшілікте кездесіп, келелі ұсыныстар айтты. 20 қарашада өткен Президент сайлауында да ардагерлеріміз үгіт-насихат жұмыстарымен айналысып, бақылаушы болу сияқты жауапты қоғамдық жұмыспен шұғылданып, ерекше еңбек еткенін мақтанышпен айта аламыз.

Біздің алда атқарар істеріміз әлі көп. Мысалы, соның бірі – жергілікті кент әкімшілігімен бірге, ардагерлер бөлмесіне «Ардагерлер тынысы» стенді ілінді. Онда осы Шұбарқұдық кентінде тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы мәліметтерді орналастыру жоспарлануда.

Алдағы уақытта округтік ардагерлер кеңесінің құрамын кеңейтіп, жыл бағдарламасын жасап, ардагерлер кеңесін жиі ұйымдастырып, еліміздегі жаңа талаптарға сай, Шұбарқұдық кентіндегі өзгерістермен, жастармен жұмыс істеуді жандандыруға көп көңіл бөлуді, оған ардагерлерді тартуды ойластырудамыз. Жаңа жылда жаңа тыныспен, жаңа күш-жігермен жұмыс істейміз!

**М. Н. НҰҒМАНОВ,**
**Шұбарқұдық ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

Ерлік ешқашан ұмытылмайды

# *Қазақтың батыр қызы - Мәншүк*

**БИЫЛ МӘНШҮК МӘМЕТОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ, ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРШАДАЙ ҚЫЗЫНЫҢ ЖАРҚЫН ӨМІРІ МЕН ЕРЛІГІН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕТІП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ОЯТУ МАҚСАТЫНДА, ТЕМІР ҚАЛАСЫ САҚТАҒАН БАЙШЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОББМ КММ-ДЕ БІРНЕШЕ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**



Аталған шараны алдымен «Батырдың ерлігі» атты тақырыпта сурет көрмесін ұйымдастырған білім ордасының қылқалам шеберлері бастап берді. Қызықты да тартысты өткен сайыста өз бақтарын сынаған оқушылардан Бас Жүлдені Валерий Санжар мен Сәндібай Мирас жеңіп алса, І-ші орынды Тұрғамбай Нұрайшат пен Валерий Аяулым иеленді. Ал ІІ-ші орынға Аманғали Талапбек, Жақсылықова Назерке, Қойшыбай Нұрмұхаммед және Бекболат Амина жайғасса, Дүйсен Мүслима, Коваленко Антоний, Жалғасова Ақжан, Коваленко Максим ІІІ-ші орынмен қанағаттанды. Сондай-ақ Қуандық Әсем, Болат Саян, Қанатқали Мирас, Алдаберді Жанбота, Жанахмет Санжар, Талеуғали Аружан «Алғыс хатпен» марапатталды.

Бұдан кейін батырдың 100 жылдығына орай іс-шара одан әрі мектеп кітапханасында жалғасын тапты. Мұнда әдеби кеш ұйымдастырылып, ол – «Қазақтың батыр қызы Мәншүк» деп аталды. Әдеби кеште М. Мәметованың ерлігі туралы мәлімет берілді. Шарада бастауыш сынып оқушылары Бекболат Әмина (жетекшісі Карагулова Гаухар), Боранбай Ақерке (Сисенова Жамал Елдос), Назыров Расул (Калдыгулова Айгерім), Иманкулова Сезім (Дынбаева Роза), Бегінтасова Дария мен Асылбек Нұрсұлтан (Қожакова Шынасыл) ерлік пен батырлық туралы өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Сондай-ақ, мектебіміздің жас әншілері Нұрғазыұлы Нұралы мен Алдаберді Жанбота батыр туралы ән шырқап, 4-ші сынып оқушылары, музыка пәні мұғалімі Майшабай Әлжанның жетекшілігімен, «Мәншүк» әнін хормен орындады.

Батырға арналған іс шараны «Қаһарман қызы қазақтың» деп аталатын 7 – 9 класс оқушылары арасында эссе байқау қорытындылап, үздік жазылған эсселердің иелері марапатқа ие болды.

Ел алдындағы борышын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғаған Мәншүк апамыздың ерлігі қашанда жас ұрпаққа үлгі. Ол еліміздің жарқын болашағын сақтап қалды. Біз бүгінде білім алып, бақытты өмір сүріп жүргеніміз – сол Мәншүктердің арқасы екенін ешқашан ұмытпаймыз.

**Райгүл ЕСІМОВА,**
**С. Байшев атындағы ЖОББМ КММ-нің қазақ тілі мұғалімі.**

# 2023 ЖЫЛЫ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

**(әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)**

| № т б | Әкімінің Т.А.Ә. | Лауазымы | Елді мекеннің атауы, орны | Кездесулерді өткізу күні |
|---|---|---|---|---|
| | | | I тоқсан | |
| 1. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж. | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Еңбекші ауылы,клуб ғимараты, Шығырлы көшесі, 37Б | 18.01.2023 ж., сағ. 10.00 |
| 2. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Сартоғай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 11 | 18.01.2023 ж., сағ. 14.00 |
| 3. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Қарабас көшесі, 12 | 18.01.2023 ж., сағ.16.00 |
| 4. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Шибұлақ ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бұлақты көшесі, 4 | 20.01.2023 ж., сағ.10.00 |
| 5. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Бабатай ауылы,мектеп ғимараты, Қызыл Тұрдалыұлы көшесі, 2 | 20.01.2023 ж., сағ.11.30 |
| 6. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкім Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Құмқұдық ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 8 | 20.01.2023 ж., сағ.14.00 |
| 7. | Аманбаев С.Е. Қожақова М.Ж. | Темір ауданының әкімі Тасқопа а/о әкімі | Тасқопа а/о, ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 20 | 24.01.2023 ж., сағ.15.00 |
| 8. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ащысай ауылы,медициналық пункт ғимараты, А.Құнанбаев көшесі, 19 | 26.01.2023 ж., сағ.10.00 |
| 9. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Шығырлы ауылы,клуб ғимараты, Ә.Молдағұлова көшесі, 2 | 26.01.2023 ж., сағ.11.00 |
| 10. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Бірлік ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бірінші мамыр көшесі, 13 | 26.01.2023 ж., сағ.12.00 |
| 11. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ақсай ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Төсбұлақ көшесі, 4 | 26.01.2023 ж., сағ.15.00 |
| 12. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Жақсымай бекеті,медициналық пункт ғимараты, Теміржол көшесі, 13 | 15.02.2023 ж., сағ.10.00 |
| 13. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Шұбарқұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 1 | 15.02.2023 ж., сағ.11.00 |
| 14. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Шитүбек ауылы,мектеп ғимараты, Ербөлек ата көшесі, 2 | 22.02.2023 ж., сағ.11.00 |
| 15. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Қалмаққырған бекеті,мектеп ғимараты, С.Бекниязова көшесі, 37 | 22.02.2023 ж., сағ.14.00 |
| 16. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Қопа ауылы,клуб ғимараты, Саябақ көшесі, 43 | 22.02.2023 ж., сағ.15.30 |
| 17. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ, Жамбыл ауылы,мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 10 | 24.02.2023 ж., сағ.11.00 |
| 18. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ, клуб ғимараты, С.Бәйішев көшесі, 6 | 24.02.2023 ж., сағ.14.00 |
| 19. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Бәшенкөл ауылы,медициналық пункт ғимараты, Ә.Смағұлов көшесі, 1 | 02.03.2023 ж., сағ.11.00 |
| 20. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Кеңқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Парк көшесі, 9 Б | 02.03.2023 ж., сағ.14.00 |
| 21. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Қопа ауылы,мектеп ғимараты, Қ.Жайлыбаев көшесі, 5 | 15.03.2023 ж., сағ.10.00 |
| 22. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Құмсай ауылы, мектеп ғимараты, Жауымбай Обай көшесі, 25 | 15.03.2023 ж., сағ.11.30 |
| 23. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Саркөл ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 32/1 | 15.03.2023 ж., сағ.14.00 |
| 24. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Шұбарши кенті,клуб ғимараты, Геолог көшесі, 25 Д | 15.03.2023 ж., сағ.15.00 |
| 25. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қазақауыл» м/а., мектеп ғимараты, Жамбыл көшесі, 1 | 29.03.2023 ж., сағ.11.00 |
| 26. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, мектеп ғимараты, «Задепо» м/а., Депо көшесі, 1 | 29.03.2023 ж., сағ.15.00 |
| 27. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қызылжар» м/а., мектеп ғимараты, Астана көшесі, 156 | 29.03.2023 ж., сағ.16.00 |
| 28. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Теріскей» м/а., мектеп ғимараты, Терісней көшесі, 50 | 30.03.2023 ж., сағ.10.00 |
| 29. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Аққұдық» м/а., мектеп ғимараты, Н.Байғанин көшесі, 43 Б | 30.03.2023 ж., сағ.11.30 |
| 30. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Вокзал алаңы» м/а., әкімшілік ғимарат, Асау Барақ көшесі, н/ж | 30.03.2023 ж., сағ.15.00 |
| | | | **II тоқсан** | |
| 31. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж. | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Еңбекші ауылы,клуб ғимараты, Шығырлы көшесі, 37Б | 19.04.2023 ж., сағ. 10.00 |
| 32. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Сартоғай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 11 | 19.04.2023 ж., сағ. 14.00 |
| 33. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Қарабас көшесі, 12 | 19.04.2023 ж., сағ.16.00 |
| 34. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Шибұлақ ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бұлақты көшесі, 4 | 21.04.2023 ж., сағ.10.00 |
| 35. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Бабатай ауылы,мектеп ғимараты, Қызыл Тұрдалыұлы көшесі, 2 | 21.04.2023 ж., сағ.11.30 |
| 36. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Құмқұдық ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 8 | 21.04.2023 ж., сағ.14.00 |
| 37. | Аманбаев С.Е. Қожақова М.Ж. | Темір ауданының әкімі Тасқопа а/о әкімі | Тасқопа а/о, ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 20 | 26.04.2023 ж., сағ.15.00 |
| 38. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ащысай ауылы,медициналық пункт ғимараты, А.Құнанбаев көшесі, 19 | 27.04.2023 ж., сағ.10.00 |
| 39. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Шығырлы ауылы,клуб ғимараты, Ә.Молдағұлова көшесі, 2 | 27.04.2023 ж., сағ.11.00 |
| 40. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Бірлік ауылы, медициналық пункт ғимараты, Бірінші мамыр көшесі, 13 | 27.04.2023 ж., сағ.12.00 |
| 41. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ақсай ауылы,Мәдениет үйі ғимараты, Төсбұлақ көшесі, 4 | 27.04.2023 ж., сағ.15.00 |
| 42. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Жақсымай бекеті,медициналық пункт ғимараты, Теміржол көшесі, 13 | 17.05.2023 ж., сағ.10.00 |
| 43. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Шұбарқұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 1 | 17.05.2023 ж., сағ.11.00 |
| 44. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Шитүбек ауылы, мектеп ғимараты, Ербөлек ата көшесі, 2 | 18.05.2023 ж., сағ.11.00 |
| 45. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Қалмаққырған бекеті,мектеп ғимараты, С.Бекниязова көшесі, 37 | 18.05.2023 ж., сағ.14.00 |
| 46. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Қопа ауылы,клуб ғимараты, Саябақ көшесі, 43 | 18.05.2023 ж., сағ.15.30 |
| 47. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ, Жамбыл ауылы,мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 10 | 24.05.2023 ж., сағ.11.00 |
| 48. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ, клуб ғимараты, С.Бәйішев көшесі, 6 | 24.05.2023 ж., сағ.14.00 |
| 49. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Бәшенкөл ауылы,медициналық пункт ғимараты, Ә.Смағұлов көшесі, 1 | 15.06.2023 ж., сағ.11.00 |
| 50. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Кеңқияқ ауылы,Мәдениет үйі ғимараты, Парк көшесі, 9 Б | 15.06.2023 ж., сағ.14.00 |
| 51. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Қопа ауылы,мектеп ғимараты, Қ.Жайлыбаев көшесі, 5 | 21.06.2023 ж., сағ.10.00 |
| 52. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Құмсай ауылы, мектеп ғимараты, Жауымбай Обай көшесі, 25 | 21.06.2023 ж., сағ.11.30 |
| 53. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Саркөл ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 32/1 | 21.06.2023 ж., сағ.14.00 |
| 54. | Аманбаев С.Е. Шұйіншалин М.Ж. | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Шұбарши кенті,клуб ғимараты, Геолог көшесі, 25 Д | 21.06.2023 ж., сағ.15.00 |
| 55. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қазақауыл» м/а., мектеп ғимараты, Жамбыл көшесі, 1 | 28.06.2023 ж., сағ.11.00 |
| 56. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, мектеп ғимараты, «Задепо» м/а., Депо көшесі, 1 | 28.06.2023 ж., сағ.15.00 |
| 57. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қызылжар» м/а., мектеп ғимараты, Астана көшесі, 156 | 28.06.2023 ж., сағ.16.00 |
| 58. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Теріскей» м/а., мектеп ғимараты, Терісней көшесі, 50 | 29.06.2023 ж., сағ.10.00 |
| 59. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Аққұдық» м/а., мектеп ғимараты, Н.Байғанин көшесі, 43 Б | 29.06.2023 ж., сағ.11.30 |
| 60. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Вокзал алаңы» м/а., әкімшілік ғимарат, Асау Барақ көшесі, н/ж | 29.06.2023 ж., сағ.15.00 |
| | | | **III тоқсан** | |
| 61. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж. | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Еңбекші ауылы,клуб ғимараты, Шығырлы көшесі, 37Б | 12.07.2023 ж., сағ. 10.00 |
| 62. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Сартоғай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 11 | 12.07.2023 ж., сағ. 14.00 |
| 63. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | Темір ауданының әкімі Алтықарасу а/о әкімі | Алтықарасу а/о, Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Қарабас көшесі, 12 | 12.07.2023 ж., сағ.16.00 |
| 64. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Шибұлақ ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бұлақты көшесі, 4 | 14.07.2023 ж., сағ.10.00 |
| 65. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Бабатай ауылы,мектеп ғимараты, Қызыл Тұрдалыұлы көшесі, 2 | 14.07.2023 ж., сағ.11.30 |
| 66. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | Темір ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі | Қайыңды а/о, Құмқұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 8 | 14.07.2023 ж., сағ.14.00 |
| 67. | Аманбаев С.Е. Қожақова М.Ж. | Темір ауданының әкімі Тасқопа а/о әкімі | Тасқопа а/о, ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 20 | 19.07.2023 ж., сағ.15.00 |
| 68. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ащысай ауылы,медициналық пункт ғимараты, А.Құнанбаев көшесі, 19 | 20.07.2023 ж., сағ.10.00 |
| 69. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Шығырлы ауылы,клуб ғимараты, Ә.Молдағұлова көшесі, 2 | 20.07.2023 ж., сағ.11.00 |
| 70. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Бірлік ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бірінші мамыр көшесі, 13 | 20.07.2023 ж., сағ.12.00 |
| 71. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі | Ақсай а/о, Ақсай ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Төсбұлақ көшесі, 4 | 20.07.2023 ж., сағ.15.00 |
| 72. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Жақсымай бекеті,медициналық пункт ғимараты, Теміржол көшесі, 13 | 16.08.2023 ж., сағ.10.00 |
| 73. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі | Жақсымай а/о, Шұбарқұдық ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 1 | 16.08.2023 ж., сағ.11.00 |
| 74. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі | Кеңестуы а/о, Шитүбек ауылы, мектеп ғимараты, Ербөлек ата көшесі, 2 | 17.08.2023 ж., сағ.11.00 |

(Жалғасы 4- бетте)

Дін. Дәстүр. Қоғам.

# ХАҚ ДІН ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНА ҚАЛАЙ ТАРАДЫ?

**751 ЖЫЛЫ ТАЛАС ӨЗЕНІ БОЙЫНДАҒЫ АТЛАХ ШАЙҚАСЫНДА ҚЫТАЙ БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ СОҒЫСТА ТҮРКЕШТЕРГЕ АРАБТАР КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗЫП, НӘТИЖЕСІНДЕ АРАБ-ТҮРКЕШ БІРІККЕН ҚОСЫНЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ ОСЫ АТЛАХ ШАЙҚАСЫНАН СОҢ ТҮРКІЛЕРДІҢ БІРТІНДЕП ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАЙ БАСТАҒАНЫ АЙТЫЛАДЫ (В. БАРТОЛЬД, «ТУРКЕСТАН В ЭПОХУ МОНГОЛЬСКОГО НАШЕСТВИЯ»). ДЕМЕК БИЫЛ, ЯҒНИ 2022 ЖЫЛЫ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ХАҚ ДІНДІ ҚАБЫЛДАЙ БАСТАҒАНЫНА 1271 ЖЫЛ ТОЛДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ ОСЫ МАҚАЛАМДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ҚАЛАЙ ТАРАҒАНЫ, БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ИМАМ АҒЗАМ ЖОЛЫН НЕГЕ ТАҢДАҒАНЫ, ҚАРАХАН МЕН АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТҰСЫНДА ХАҚ ДІННІҢ ӨРКЕНДЕГЕНІ, ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛАЙ ТАМЫР ЖАЙҒАНЫНА АЗ-КЕМ ТОҚТАЛМАҚПЫН.**

## ӘБУ ХАНИФА МӘЗҺАБЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

Алғашқы кезде кейбір түркі халықтарының Исламды қабылдағаннан кейінгі құрған мемлекеттері араб дәстүріне сай құрылды. Мәселен, Мысыр, Шам, Иран топырақтарында құрылған Толуни (874-905), Сажи (890-929), Ихшид (935-969) мемлекеттерін құрушылардың заузаты түркі болғанымен, мемлекет механизмі толығымен араб дәстүріне негізделді. Түркілердің кейінгі құрған мемлекеттері парсы дәстүріне сай құрылды. Олар Қорасан, Сижистан, Мәураннахр аймақтарында құрылған Самани (874-1005), Ғазнауи (962-1186), Тахири (821-873), Мәмуни (995-1017), Алтунташ (1017-1041), Ғұри (1100-1215) секілді мемлекеттер еді. Бұл мемлекеттерді де түркілер құрғанымен, жоғары саяси ұйымдардың сипаттамасы парсы мүддесі мен дәстүріне сай өрілді. Аталған мемлекеттердің тұсында парсы тілі мен парсы мәдениеті дәуірледі. Самани және Ғазнауи кезеңінде Ислам діні Мәураннахрға Әбу Ханифа мәзһабы арқылы тарай бастады. Әсіресе Бұқара мен Самарқандағы Ханафи бағытында құрылған Журжания, Садр, Йадия медреселерінің түлектері аймақта осы мәзһабтың доминант болуына ықпал етті. Кейін бұл үрдіс Қарахан дәуірінде де жалғасын тапты. Тарихи деректерде Орталық Азияға алғашқыда Қайсания-Мубайди, Карматия, Исмайлия, Захири-Хашауия (әһли хадис өкілдері), Муғтазила, Шафиғия мәзһабы өкілдерінің дін таратқаны айтылады. Алайда соңында Мәураннахр тұрғындарының таңдауы Ханафи мәзһабы мен Матуриди ақида мектебіне түсті. Оған бірнеше бірнеше фактор әсер етті.

**Біріншіден,** мұсылман қоғамында VIII-ғасырда араб ұлтшылдығы белең алған шақта мәуали ғұламалар шетқақпай көргені белгілі. Ал Аббаси билігі тұсында керісінше мәуали ғұламалар мемлекет қолдауына ие болды. Имам Ағзам Әбу Ханифаның шыққан тегі парсы болғандықтан, оның мәзһабы парсылар және олармен қоңсы отырған соғды және түркі халықтары арасына кеңінен тарады.

**Екіншіден**, Аббаси халифалары Махди (775-785) және Харун-Рашид билік құрған (786-809) жылдары Әбу Ханифаның бел шәкірті Әбу Юсуф (731-798) Бағдаттың бас қазысы етіп тағайындады. Әбу Юсуфтен кейінгі Бағдаттың қазысы болған Әсад ибн Амр Куфий (798-805) де Имам Ағзам Әбу Ханифаның шәкірті еді. Аббаси халифалары ұзын ырғасы Имам Ағзамның 14 шәкіртін қазылық қызметке тағайындады. Халифа Харун-Рашид Имам Ағзамның тағы бір шәкірті Мұхаммед Хасан аш-Шайбаниді (749-805) де Қорасандағы Рай қаласына қазы етіп тағайындады. Мұхаммед Хасан аш-Шайбанидің Қорасанға келіп, осында шәкірттер тәрбиелеуі, Ханафи мәзһабының Орталық Азияға таралуына септігін тигізді. Айталық, оның шәкірттері Әбу Сүлеймен Жузжаний (815 дүние салды) мен Әбу Хафс Кабир (767-831) Ханафи мәзһабын Мәуреннахрға таратты.

**Үшіншіден**, Ханафи мәзһабының отбасы (ахуал-шахсия) және сауда-саттық (муаламат) саласындағы үкімдері өзге мәзһабтар үкіміне қарағанда қалың бұқара үшін қолайлы еді. Жалпы Ханафи мәзһабының қоғамдық қарым-қатынасты реттеу үкімдері басқа мәзһаб үкімдерімен салыстырғанда, бұқара халыққа тиімділігімен ерекшеленеді. Әрбір мәселенің шешімі Құран мен сүннетте кездеспесе, Ханафи ғұламалары қияс (аналогия) әдісімен үкім шығарады. Әсілі Рай құқықтық мектебі әрбір істі мейлінше антропоцентристік (қоғам мүддесі) тұрғыда оң реттеуге тырысады. Осы себептен де Ханафи мәзһабында бір мәселе бойынша екі қияс үкімін шығару мүмкіндігі туған сәтте истихсанмен (жеңілі немесе қолайлысы) үкім шығару методологиясы қалыптасқан. Бұл қолайлы құқықтық әдіснама да өз кезегінде халықтың Ханафи мәзһабына деген ықыласын арттыра түсті.

**Төртіншіден,** Әбу Ханифа мәзһабы әрбір ұлттың Исламға дейінгі мәдениетінің сақталуына мүмкіндік берді. Құран мен сүннетке қайшы емес ғұрыптарды фақиһтер теріске шығармады. Егер бір мәселеге қатысты Құран мен сүннетте нақты үкім болмай, оны шешудің дұрыс жолы әдет-ғұрыпта бар болса, ол үкім ретінде қабылданды. Оны «сахих әдет-ғұрып» деп атады. Осының негізінде Ислам дінін қабылдаған ұлттар өздерінің ізгі әдет-ғұрыптарын сақтап қана қоймай, оны жан-жақты дамытуға мүмкіндік алды.

**Бесіншіден,** Орталық Азияда Ислам дінінің сүнниттік доктринасының орнығуына еңбек сіңірген даңқты мутәкаллим Әбу Мансұр әл-Матуриди еді. Мәураннахрда фиқһ алаңында Ханафи мәзһабының үстемдік орнатуына орай кәлам тақырыбында Матуриди мектебі салтанат құрды. Себебі Әбу Ханифаның кәламдық көзқарастарын Имам Матуриди жеке пән ретінде бөліп қарастырып, жұртшылыққа терең талдап түсіндірді (Захид әл-Кәусари, «Ишаратул-Мәрам»). Оның «Китабут-Таухид» және «Тәуилат-ул-Құран» шығармаларында Құран мен сүннеттегі кәлам тақырыбы Имам Ағзам негізін салған «Рай» әдіснамасы бойынша талданды. Діндегі сенім негіздерінің ақылға қонымды етіп түсіндірілуі – Матуриди ақида мектебінің Мауараннахрда дамуына жол ашты.

## ТҮРКІСТАН ДІНИ МЕКТЕБІ

**XI-XII-ғасырларда Ислам халифатының саяси қуаты кеміп, дін насихатын күшпен жүргізу мүмкін емес жағдай орнады. Осы тұста Орталық Азияда Түркістан діни мектебінің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи және оның ізбасарлары Дешті Қыпшақ халқының Ислам дінін қабылдауына ерекше еңбек сіңірді.**

Түркістан діни мектебінің негізін салушы Құл Қожа Ахмет Яссауи көне Исфиджаф қаласында XI-ғасырдың екінші жартысында софы Ибраһим шайхы мен Қарашаш ананың шаңырағында дүниеге келді (Фуат Көпірұлы, «Түркі әдебиетіндегі алғашқы сопы-ақындар», 31-34 беттер). Фуат Көпірұлы ортағасырлық тарихи деректерге сүйене келе, Қожа Ахмет Ясауидің қолөнермен шұғылданған сопы екенін, дүние ісіне көп мән бермейтін, бойына керемет дарыған тақуа адам болғанын айтады. Дүниенің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар Қожа Ахмет Ясауимен сөз таластырып, жеңілгенін, оның діни көзқарасына қарсы болған жергілікті тұрғындардың оны арандатпақ болғанын, бірақ әулиелігінің арқасында өзіне төнген қауіптің алдын алып отырғанын жеткізеді. Бұл деректер оның «Диуани хикметінде» де баяндалады. Айталық, Қорасан ғұламасы Баба Машын Қожа Ахмет Ясауимен пікір таластырып, оның хикмет іліміне бас ұрған еді.

Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII-XIII ғасырларда Түркістан Ислам әлемінің солтүстік шекарасы саналатын. Исламның алғашқы дәуірлерінде дінді тарату фатх жорықтары арқылы жүргізіліп, шекара аймақтар «рибат» (кәпірлермен соғысқан кездегі аттың қазығы қағылған жер) деп аталатын. Ал Ясауи дәуірінде рибаттар нәпсі тәрбиесімен айналысатын діни тәлім-тәрбие беретін ошақтарына айналды. Сопылық ілімде топырақты күшпен жаулап алу оңай, ал адамның рухы мен болмысы жаулануы қиын қамал болып есептелінеді (Д. Кенжетай, «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы», 113-бет). Осы тұста сопылар хақ дінді этикалық және моральдық құндылықтар арқылы насихаттауды жүзеге асырды. Оның бұл ұстанымы Құран Кәрімнің: **«Дінде зорлық жоқ» (**«Бақара» сүресі, 256-аят)**, «Егер жаратушы қалағанда жер бетіндегі адамдардың бәрі иманға келер еді. Олай болса сен адамдардың иманға келуі үшін оларды зорлық жасаймысың»** («Юнус» сүресі, 99-аят) деген үкімдеріне негізделген еді.

Қожа Ахмет Ясауидің барынша толерантты болғанына оның өмірінен жарқын мысалдар келтіруге болады. Түркістандағы жергілікті халықтың 20 жыл бойы зорлық-зомбылығына сабыр етіп, баласы Ибраһимді қастандықпен өлтірген адамға мінген атын беріп, қызын ұзатуы, Қожа Ахмет Ясауидың аса төзімді, дегдар жан екенін көрсетеді. Ол бейбіт ұстанымының арқасында көне түркі дәстүрі мен Исламды қабыстырды. Сол арқылы діни һәм мәдени қақтығыстар арасынан жол таба алды.

Әл-Хазини өз еңбегінде Қожа Ахмет Ясауидің кемелдікке жетудің мәкан, заман, ихуан, рабт-сұлтан атты төрт қағидасын бекіткенін алға тартады. Мәкан қағидасы бойынша адамның өмір сүретін отаны және рухани сұранысын қанағаттандыратын діни мекені (мешіт, медресе, текке) болуы керек. Заман қағидасы бойынша ақиқатты тануға талап білдіруші уақытты тиімді пайдалануы тиіс. Ихуан (бауырластық) қағидасы бойынша ақиқат жолына бетбұрыс жасаған сопы төңірегіндегі адамдарды бауырына баса білуі керек. Рабт-сұлтан қағидасы бойынша салих мұсылман мемлекет басшысына бағынып, оған адал болуы қажет (Әл-Хазини, Жауаһирил-әбрар би Әмуажил бихар, 109-112 беттер).

Қожа Ахмет Ясауидің тағы бір ерекше қыры оның шығармашылығының түркі тілінде жазылуы еді. Сол дәуірде ғылым мен әдебиеттің тілі араб пен парсы тілі бола тұра, ол өз еңбектерін түркі тілінде жазды.

Әл-Хазинидің айтуына қарағанда, Қожа Ахмет Ясауидің 99 000 шәкірті болған. Басқа бір аңыз бойынша Ясауидің қасында 12 000 сопының болғаны айтылады. Оның алғашқы халифасы Мансұр ата (1197 жылы қайтыс болды), екінші халифасы Саид ата Хорезми (1218 жылы қайтыс болды), үшінші халифасы атақты Хәкім ата Сүлеймен Бақырғани, төртінші халифасы Мұхаммед Даншмент Зарнұқи болды.

Қожа Ахмет Ясауи негізін салған Түркістан діни мектебін Суксук ата, Тилки ата, Исмайыл ата, Садыр ата, Бадыр ата, Зеңгі баба, Ұзын Хасан ата, Шейх Иқани, Құсшы ата, Жүсіп ата, Шопан ата, Қажы Бекташ әулие, Сары Салтұқ, Шайық Лұқпан Перенде, Баба Машын, Әмір Әли Хакім, Хасан Бұлғани, Имам Мерғазы, Шайых Осман Мағрифи секілді хикмет иелері дамытты.

Қожа Ахмет Ясауидің мүридтері Ислам дінін Мәураннахр, Шығыс Түркістан, Дешті Қыпшақ, Анатолия, Еділ бұлғарлары арасына таратты. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері Хасан әл-Бұлғари мен Бираш ибн Абраш Еділ бойында дін насихатын жасап, халықты хақ дінге шақырады. Олардың ізін басқан Ешмұхаммед ибн Тоқмұхаммед, Идрис ибн Зулмұхаммед, Қасым шайх ибн Ибраһим, Қожа Әмір Калал және тағы басқа сопылар ұзақ жыл бойы Еділ бұлғарлары арасында дін насихатын жүргізді (Мұртаза Бұлұтай, «Мұсылман қазақ еліміз», 83-бет).

Атақты жаһангер Әмір Темір (1370-1405) түркілердің пірі Құл Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің басына аситана (тариқатты басқару кешені) тұрғызып, оған уақыфтық құжатпен арнайы мәртебе берді. Көшпелі Өзбек мемлекетінің билеушілері Әбілхайыр хан (1428-1468), Мұхаммед Шайбани хан (1500-1510), сондай-ақ Қазақ хандары Қожа Ахмет Ясауиді пір тұтып, Түркістандағы аситанаға берілген рухани мәртебеге ерекше құрметпен қарады. Тіпті Еңсегей бойлы Ер Есім хан 1598 жылы Түркістанды Қазақ хандығының ордасы етіп бекітті. Құл Қожа Ахмет Ясауидің аситанасы Қазақ хандарының резиденциясы ғана емес, халқымыздың айтулы хан-сұлтандары, би-шешендері, батырлары мен жырауларының дамыл тапқан мәңгілік мекеніне (пантеон) айналды. Осыдан кейін Алаш баласы Әзірет Сұлтанның құрметіне мемлекет орталығын (бұрын «орда» деп келген) «Астана» деп атай бастады. Осылайша қасиетті Түркістан қаласы қазақ рухани шамшырағына айналған болатын.

**Абылай АМАНҚОСОВ,**
**Темір аудандық жастар арасындағы дін істері орталығы, дін маманы.**
**(Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлының мақаласынан үзінді).**

# 2023 ЖЫЛЫ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

## (әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

(Жалғасы 3 бетте)

| | Әкімінің Т.А.Ә. | Лауазымы | Елді мекенінің атауы, орны | Кездесулерді өткізу күні |
|---|---|---|---|---|
| 75. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | | Кеңестуы а/о, Қалмаққырған бекеті, мектеп ғимараты, С.Бекниязова көшесі, 37 | 17.08.2023 ж., сағ.14.00 |
| 76. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | | Кеңестуы а/о, Қопа ауылы,клуб ғимараты, Саябақ көшесі, 43 | 17.08.2023 ж., сағ.15.30 |
| 77. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | | Темір қ, Жамбыл ауылы,мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 10 | 23.08.2023 ж., сағ.11.00 |
| 78. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | | Темір қ, клуб ғимараты, С.Бәйішев көшесі, 6 | 23.08.2023 ж., сағ.14.00 |
| 79. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | | Кеңқияқ а/о, Бәшенкөл ауылы, медициналық пункт ғимараты, Ә.Смағұлов көшесі, 1 | 13.09.2023 ж., сағ.11.00 |
| 80. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | | Кеңқияқ а/о, Кеңқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Парк көшесі, 9 Б | 13.09.2023 ж., сағ.14.00 |
| 81. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Қопа ауылы, мектеп ғимараты, Қ.Жайлыбаев көшесі, 5 | 20.09.2023 ж., сағ.10.00 |
| 82. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Құмсай ауылы, мектеп ғимараты, Жауымбай Обай көшесі, 25 | 20.09.2023 ж., сағ.11.30 |
| 83. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Саркөл ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 32/1 | 20.09.2023 ж., сағ.14.00 |
| 84. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Шұбарши кенті, клуб ғимараты, Геолог көшесі, 25 Д | 20.09.2023 ж., сағ.15.00 |
| 85. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қазақауыл» м/а., мектеп ғимараты, Жамбыл көшесі, 1 | 27.09.2023 ж., сағ.11.00 |
| 86. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, мектеп ғимараты, «Задепо» м/а., Депо көшесі, 1 | 27.09.2023 ж., сағ.15.00 |
| 87. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қызылжар» м/а., мектеп ғимараты, Астана көшесі, 156 | 27.09.2023 ж., сағ.16.00 |
| 88. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Теріскей» м/а., мектеп ғимараты, Теріскей көшесі, 50 | 28.09.2023 ж., сағ.10.00 |
| 89. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Аққұдық» м/а., мектеп ғимараты, Н.Байғанин көшесі, 43 Б | 28.09.2023 ж., сағ.11.30 |
| 90. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Вокзал алаңы» м/а., әкімшілік ғимарат, Асау Барақ көшесі, н/ж | 28.09.2023 ж., сағ.15.00 |
| | | | **IV тоқсан** | |
| 91. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж. | | Алтықарасу а/о, Еңбекші ауылы,клуб ғимараты, Шығырлы көшесі, 37Б | 11.10.2023 ж., сағ. 10.00 |
| 92. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | | Алтықарасу а/о, Сартоғай ауылы, мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 11 | 11.10.2023 ж., сағ. 14.00 |
| 93. | Аманбаев С.Е. Алишов М.Ж | | Алтықарасу а/о, Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Қарабас көшесі, 12 | 11.10.2023 ж., сағ.16.00 |
| 94. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | | Қайыңды а/о, Шибұлақ ауылы, медициналық пункт ғимараты, Бұлақты көшесі, 4 | 12.10.2023 ж., сағ.10.00 |
| 95. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | | Қайыңды а/о, Бабатай ауылы, мектеп ғимараты, Қызыл Тұрдалыұлы көшесі, 2 | 12.10.2023 ж., сағ.11.30 |
| 96. | Аманбаев С.Е. Рашев Р.Р. | | Қайыңды а/о, Құмқұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 8 | 12.10.2023 ж., сағ.14.00 |
| 97. | Аманбаев С.Е. Қожақова М.Ж. | | Тасқопа а/о, ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 20 | 18.10.2023 ж., сағ.15.00 |
| 98. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | | Ақсай а/о, Ащысай ауылы,медициналық пункт ғимараты, А.Құнанбаев көшесі, 19 | 19.10.2023 ж., сағ.10.00 |
| 99. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | | Ақсай а/о, Шығырлы ауылы,клуб ғимараты, Ә.Молдағұлова көшесі, 2 | 19.10.2023 ж., сағ.11.00 |
| 100. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | | Ақсай а/о, Бірлік ауылы,медициналық пункт ғимараты, Бірінші мамыр көшесі, 13 | 19.10.2023 ж., сағ.12.00 |
| 101. | Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н. | | Ақсай а/о, Ақсай ауылы,Мәдениет үйі ғимараты, Төсбұлақ көшесі, 4 | 19.10.2023 ж., сағ.15.00 |
| 102. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | | Жақсымай а/о, Жақсымай бекеті,медициналық пункт ғимараты, Теміржол көшесі, 13 | 01.11.2023 ж., сағ.10.00 |
| 103. | Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е. | | Жақсымай а/о, Шұбарқұдық ауылы,клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 1 | 01.11.2023 ж., сағ.11.00 |
| 104. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | | Кеңестуы а/о, Шитүбек ауылы,мектеп ғимараты, Ербөлек ата көшесі, 2 | 02.11.2023 ж., сағ.11.00 |
| 105. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | | Кеңестуы а/о, Қалмаққырған бекеті,мектеп ғимараты, С.Бекниязова көшесі, 37 | 02.11.2023 ж., сағ.14.00 |
| 106. | Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А. | | Кеңестуы а/о, Қопа ауылы,клуб ғимараты, Саябақ көшесі, 43 | 02.11.2023 ж., сағ.15.30 |
| 107. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | | Темір қ, Жамбыл ауылы,мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 10 | 08.11.2023 ж., сағ.11.00 |
| 108. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | | Темір қ, клуб ғимараты, С. Бәйешев көшесі, 6 | 08.11.2023 ж., сағ.14.00 |
| 109. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | | Кеңқияқ а/о, Бәшенкөл ауылы,медициналық пункт ғимараты, Ә.Смағұлов көшесі, 1 | 09.12.2023 ж., сағ.11.00 |
| 110. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | | Кеңқияқ а/о, Кеңқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Парк көшесі, 9 Б | 09.12.2023 ж., сағ.14.00 |
| 111. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Қопа ауылы, мектеп ғимараты, Қ.Жайлыбаев көшесі, 5 | 15.11.2023 ж., сағ.10.00 |
| 112. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Құмсай ауылы, мектеп ғимараты, Жауымбай Обай көшесі, 25 | 15.11.2023 ж., сағ.11.30 |
| 113. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Саркөл ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 32/1 | 15.11.2023 ж., сағ.14.00 |
| 114. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж. | | Саркөл а/о, Шұбарши кенті, клуб ғимараты, Геолог көшесі, 25 Д | 15.11.2023 ж., сағ.15.00 |
| 115. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қазақауыл» м/а., мектеп ғимараты, Жамбыл көшесі, 1 | 22.11.2023 ж., сағ.11.00 |
| 116. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, мектеп ғимараты, «Задепо» м/а., Депо көшесі, 1 | 22.11.2023 ж., сағ.15.00 |
| 117. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қызылжар» м/а., мектеп ғимараты, Астана көшесі, 156 | 22.11.2023 ж., сағ.16.00 |
| 118. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Теріскей» м/а., мектеп ғимараты, Теріскей көшесі, 50 | 23.11.2023 ж., сағ.10.00 |
| 119. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Аққұдық» м/а., мектеп ғимараты, Н.Байғанин көшесі, 43 Б | 23.11.2023 ж., сағ.11.30 |
| 120. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Вокзал алаңы» м/а., әкімшілік ғимарат, Асау Барақ көшесі, н/ж | 23.11.2023 ж., сағ.15.00 |

**Әр кездесуден кейін азаматтарды қабылдау жүргізіледі.**

**«Темір ауданы әкімі аппараты» ММ**

# Құттықтау



*Айғалиева Айгүл Алпысбайқызы*

*1972 жылы желтоқсан айының 26-шы жұлдызында Дружба совхозының Бірінші май ауылында дүниеге келген. 1991 жылдан бастап, Кеңқияқ ауылында тұрады. Ол еңбек жолын 2006 жылы наубайханадан бастаған. 2012 жылы Кеңқиякмұнай МГӨБ-нің ЖСГҚ бөлімшесіне қазандық операторы болып жұмысқа орналасты. Бүгінде абыроймен жұмыс жасауда.*

*Айгүл Алпысбайқызы тұрмысқа шығып, 2 қыз 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Бүгінде 3 жиен-немерелерінің әжесі.*

*Алла қолдап, аппақ таңың атқасын,*
*МГӨБ-ден қуанышты тапқансың,*
*Алдағы өмір жеткізе берсін мұратқа,*
*Жанып еңбек бар үмітің ақталсын!*

*Ардагердің еңбегін сен жалғадың,*
*Бақыт болып келе берсін алдан күн!*
*Мақсаттарың орындалып өмірде,*
*Бағындырушы биік шыңын арманның!*

*Отбасыңа ектің тәуір бақ-шыбық,*
*Көрсетпедің ұрпағыңа тапшылық.*
*Туған күнің құтты болсын әріптес,*
*Әулетіңе келсін мәңгі жақсылық!*

*Әрбір белес, әрбір асу, ол бір із.*
*Қашанда да жақсылыққа сендіңіз.*
*Өмір жолда ұрпағыңа үлгі боп,*
*Міне, Сіз де елуге де келдіңіз.*

*Әрқашанда ашық болсын аспаның!*
*Қиындықтан ешқашанда саспағын.*
*Туған күнің туған күнге жалғасып,*
*Тек тілекші болып тұрсын достарың!*

**Кеңқияқ МГӨБ ұжымы.**

# ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР НАЗАРЫНА!

**Құрметті Темір ауданының жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғалары! Деректерді тіркеу немесе беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын (БКМ) қолданатын барлық жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, биыл 31 желтоқсанға дейін барлық тіркелген бақылау-касса машиналарын бағдарламалау жөніндегі жұмыстарды аяқтау қажет.**



Сондай-ақ 2023 жылы 1 қаңтардан бастап, фискалды деректер операторлары (ФДО) 2.0.2-ден басқа хаттамаларда қолдау көрсетуді тоқтатады. Осыған байланысты, өзіңіз пайдаланып отырған бақылау-касса машиналарын тексеріп, қажет болған жағдайда бақылау-касса машинасына қызмет көрсететін орталықтар арқылы бағдарламаларды жаңарту мақсатында жүгінуге кеңес береміз!

**Қандай да бір сұрақ болған жағдайда Темір ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына (Шұбарқұдық ауылы, Желтоқсан көшесі, 4 үй) немесе 8 713 46 91 5 22 санды жұмыс телефонына хабарласуды сұраймыз.**

**Темір ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

**ЖАҢА ЖЫЛ КЕШІ ЖАҚЫНДАП ҚАЛДЫ. КӨПТЕГЕН АДАМДАР ӨЗ ҮЙІНДЕ МЕРЕКЕГЕ АРНАП БЕЗЕНДІРІЛГЕН НАҒЫЗ ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТЫҢ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ. БІРАҚ ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТЫ КЕСУГЕ БОЛМАЙТЫНЫН БІЛУ МАҢЫЗДЫ.**

# ШЫРШАНЫ ЗАҢСЫЗ КЕСУГЕ БОЛМАЙДЫ!



Әрбір ағаш өте ұзақ өседі. Бірақ оны кесіп тастаса, ол бірден өледі. Ағаштардың нағыз сұлулығы, әдемілігі – табиғи ормандарда, бақтарда, питомниктерде көрінеді. Сондықтан ағаштарды заңсыз кесу – үлкен қиындықтар мен көлемді қаржылық шығындарға әкелетінін есте ұстаған жөн. Орманға және өзімізге қамқорлық жасайық, ағайын!..

**Д. В. КОВАЛЕНКО,**
**«Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-і, орман шебері.**

# ШЫРШАНЫ САҚТАП ҚАЛАЙЫҚ

**ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҚЫНДАҒАН САЙЫН ӘДЕТТЕГІДЕЙ, МӘҢГІ ЖАСЫЛ ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТАРДЫҢ ҚЫЗУ САУДАСЫ БАСТАЛДЫ. ӘРИНЕ, ШЫРША – МЕРЕКЕНІҢ КӨРКІ. ДЕГЕНМЕН, ТАМЫРЫМЕН КЕСІЛГЕН ТҮРЛІ-ТҮСТІ ҚЫЛҚАНДЫ, ТАРАҚ ТӘРІЗДІ, ҚЫЛШЫҚ ТӘРІЗДІ ҚАРАҒАЙДЫҢ ТҮРІ ЖӘНЕ Т. Б. ЖАС ШЫРШАЛАРҒА ҚАРАП, ЖҮРЕГІҢ АУЫРАДЫ. ӨЙТКЕНІ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ШУ-ДУМАН МЕН КӨҢІЛ КӨТЕРУДЕН КЕЙІН ОЛАР ҚАЖЕТСІЗ БОП ҚАЛАДЫ ДА, КЕЙІН ҚОҚЫСҚА ТАСТАЛАДЫ.**

Коммерциялық, нарықтық пайда үшін баптап өсірілген орман тәлімбағындағы қылқан жапырақты ағаштардың балтаның астына қандай көлемде түсетінін елестетіп көріңізші?.. Бұл үлкен орман алқабы! Әрине, бұл кәсіппен айналысатындар бәрін есептейді және олардың тәсілі анық. Өйткені олар бұл шырша тәлімбақтарын нақты тапсырыстар негізінде өсіреді. Сондықтан олардың мүдделері тек бір нәрседе: мүмкіндігінше көп сату және табыс табу. Бұл өңірімізде жоғарыда аталған шырша түрлерінің азймаса, көбеймейтінін көрсетеді. Осы орайда мен, осы қылқан жапырақты көшеттерді көбейту туралы өз көзқарасымды ұсынғым келеді.

Менің ұсынысым – тәлімбақтарда өсірілген жас өскіндердің көп бөлігін, көктемде ірі компанияларды, ұйымдар мен кәсіпорындарды тарта отырып, Ақтөбе облысының көптеген елді мекендеріндегі алаңқайлар мен саябақтарына отырғызу. Меніңше, олар өз аумақтарын абаттандыру үшін жергілікті қылқан жапырақты көшеттерді қуана қабыл алатынына сенімдімін.

Қалай болғанда да, мен экология мәселесіне жетекшілік ететін біздің компания осындай маңызды жобаны жүзеге асыруға және орманшылардың сұранысын қанағаттандыруға жүз пайыз дайын. Қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға, туған жерді абаттандыруға қамқорлық жасап жүрген облыстағы шағын және орта бизнестің барлық жанашыр өкілдері, кез



келген меншік нысанындағы кәсіпорын, ұйым басшылары біздің ұсынысымызға үн қосып, қолдау көрсетеді деп ойлаймын.

**Тұржан СЫДЫҚОВ,**
**МГӨБ басшысының орынбасары.**


Меншік иесі:
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Г куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

**Темір**

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

Редактор Бердихан АДИЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)
тілшілер 2-24-72

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ.
ТАРАЛЫМЫ 2160 ДАНА. ТАПСЫРЫС 1812
КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ, ИНДЕКСІ 65510

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов 9/2
Басылу сапасы жөнінде 400 400 телефонына хабарласуға болады.